

Р  
ӘОЖ 069.01.

## МУЗЕЙ МЕКЕМЕСІНІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

М.К.Кукеева, А.Ә.Қабыл  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазіргі заманғы өскелен қоғамда республикамыздағы мәдени-ағарту орталығы болып саналатын музей мекемесінің орны ерекше. Елдің елдігі де, оның бет-бейнесі де, келбеті де көбінесе музейлерде жинақталады, оның бүкіл болмысынан хабар береді. Откен парламент отырысында КР Мәдениет және ақпарат министрі Е.Ертісбаев мәдениет орындарына, оның ішінде музейлерге көптеп көніл бөлу жөнінде, оның материалдық-техникалық базасын жоғарлату туралы мәселені атап откен болатын [1]. Музей – мәдени-тариҳи және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музей заттары арқылы мәліметтерді жинақтап таратуға арналған көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты [2].

Білім жүйесі мен музей орталығының тығыз байланысы сауаттылық пен қызметтің әртүрлі саласындағы интеграцияның тенденциясын көрсете отырып, адамзаттың барлық мән-мағынасы және көрінісімен мәдениет пен өнер әлеміне ықпалы көбінесе эффектілік жағдайда орын алады. Елімізің ертені жастардың, оның ішінде мектеп оқушыларының музейге деген танымдық көзқарастарын қалыптастыру үшін екі мекеменің тығыз байланысы аса қажет екені белгілі. Бұғынға тандагы музей мен мектеп арасындағы педагогикалық қарым-қатынасты реттеу және нығайтуға ұмтылуда Қазақстандағы білім мен мәдениеттің дәстүрлі жоғары мәртебесі мен олардың ынтымақтастырының ғасырлық тәжірибесіне негізделеді.

Музей мен мектептің педагогикалық қарым-қатынасын нығайтудың қажеттілігін әрі қарай дамудың құралы ретінде адам өмірі мен барлық білім саласында интеграциялық және жаһандық ақпараттандыру жүйесінің шапшаң өсуімен байланысты қарастыруға болады. Осы себепті айрықша дәрежесімен педагогиканың басты міндегі болып табылатын жеке тұлғада тұластай әлемдік тұрғыда түйсінуді қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды. Жалпы бұл жүйеде музей мекемесі ерекше орын алатынын айтып өтіуіміз керек, себебі ол мәдени мұраны сақтап, зерттеп және насихаттай отырып әлем болмысын мүмкіндігінше тереңірек танып-білуге мүмкіндік береді. Откен ғасырда музей адамның шығармашылық мүмкіндігін идеалдық түрде өзіне сініріп, тарихи дәстүрдегі ескерткіштермен бағалыларды жинақтаушы ретінде қоғам санасында біржола орнықты. Классикалық мұраны сақтаушы және бір уақытта қазіргі заманғы интеллектуалдық, сонымен бірге көркемдік өмірдің қарқынды процесстеріне тікелей ықпал ете музей университет, кітапхана сиякты ағартушы орындармен бірге мәдениет институтына жатады. Сондықтан, мәдени-ағарту орталығы саналатын музейді гумандық педагогика негізіндегі идеялардың бірден-бір үздік нұсқаушысы деп толық атауға

болады [3]. Соңғы жылдары білімдік қызмет музей жұмысының маңызды бағыттарының бірі ретінде кездейсоқ бола қойған жок, музейдің барлық негізімен бірге қосымша білімнің шенбері аясына қажырылы қарқынмен қосылуда.

Откен ғасырдың бас кезінен бастап өзіндік социомәдени институт ретінде даму үстінде болған музей орындары әруақытта өзінің білімдік функциясын жетілдіріп отырды. Бул даму барысы адам мүмкіндігінің негізгі үш формасына тіреледі, олар: таным, білімге ұмтылу және ұғым құндылығы. Осыдан тарихи қалыптаскан басты үш құрамдас функцияларға тоқталайык:

- таным-музей өнер мен мәдениет тарихы енгізілген қоғамның көркемдік және ғылыми танымның құралы ретінде;
- тәрбие жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамыту процесі және қоршаган әлемді ұғыну құндылығын қалыптастыру;
- үйрену (оқыту) өнертандышылардың кәсіби дағдысын қалыптастыру процесі;

Бүгінгі таңда тарихи негізде туындаған атап-тұран үш компоненттің құрылым отандық музейдегі білімдік қызметтің төрт аспектісіне айналды. Атап айттар болсақ, олар:

- танымдық түрде дүниежүзілік көркемдік мәдениетінің бөлімі ретінде өнер тарихын білу мақсатында;
- гуманитарлық пәнаралық және поликөркемдік үйлесімдердің тығыз байланысы (мысалы: музика, әдебиет, философия, тарих және т.б.);
- әлеуметтік бағыт-бағдарлық бұл музейдегі өнер жастаңды қоршаган әлемді терен танытуда «кіріспе» ретінде белсенді құралы болып балалардың аномалдық дамуындағы әлеуметтік бейімделуі үшін айрықша маңызға ие.
- көркемдік педагогикалық жеке тұлғаның шығармашылық саласы мен көркемдік түйсігінің дамуы және қалыптасуы.

Атап-тұран барлық бағыттардың тарапалуы алдымен шығармашылық жеке тұлғаның музей көрмермендерін ғана емес, көркемдік білім мен тәрбиесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық категориялар қосындысын дамыту және білім, оқыту мен бірге тұластай тәрбие туралы ғылым ретінде педагогиканың негізінде жүзеге асырылады [4].

Қазіргі кезеңде музейтану саласындағы маңызды мәселеңдердің бірі музей жұмыстарының мазмұны мен әдістерін табысты шешу міндеттері болып отыр. Музейдегі білімтәрбие функциясы – қоғамдағы музей мекемесінің негізгі әлеуметтік функцияларының бірі болғандықтан оқу-ағартумен бірге өмірлік көзқарасты, сондай-ақ идеялық-өнегелік және эстетикалық тәрбиені қалыптастырады [5].

Музей орталықтарының тәрбиелік және білімдік мүмкіндіктерін пайдалануда музей қызметтінің бұл бағыттарындағы теоретикалық және ғылыми-методикалық мазмұндық негізінің қажеттілігі арнайы ғылыми пән-музей педагогикасының пайда болуына әкелді. Музей педагогикасы коммуникациялық музей формаларын зерттейтін педагогикалық көзқараста акппараттарды қабылдау мен тасымалдауда пайдаланатын музей затының сипаты. Музей педагогикасының зерттеу мәселеңі музейдің педагогикалық қарым-қатынасы формалары мен әдістер мазмұнымен байланысты, сондай-ақ мәдениет мекемесі жүйесіндегі орнының анықталуымен жүргізіледі. Осыған байланысты музей педагогикасы музейлік-педагогикалық процесстер заңдылықтарын зерттеумен оларды тәжірибеде қолдануда педагогикалық басшылықтың деңгейін жоғарлату мүмкіндіктерімен, музей аудиториясының әртүрлі әлеуметтік және жас ерекшелік топтарына музейдің педагогикалық ықпалының спецификасымен (өзіндік ерекшелігі) айқындалады.

Музей педагогикасының міндеттерінің бірі – музей жұмыстарымен айналысатын музей педагогтары мен педагогикалық құрамын даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады. Музей педагогикасы оқу орындарының педагогикалық ұжымдарымен тығыз байланыста шаралар жүйесін құрайды. (Келісім - шарттарға отыру, арнайы бағдарламалар жасау, акппараттардың формалары мен түрлері т.б.)

Музей педагогикасын зерттеу өзектілігі пәнаралық білім саласы мен педагогикалық ғылымның белігі ретінде зерттеудің қажеттілік негіздеріне байланысты. Атап айтатын болсақ:

- музей мен білім жүйесінің барлық деңгейіндегі (балабақшадан бастап ЖОО-на дейін) сабактастырының ғылыми дәйектемелік моделін жасақтау керектігі;
- музейдің білімдік қызметіндегі отандық және шетелдік тәжірибелерді жүйелеу мен анықтау қажеттілігі;
- көсіби педагогикалық білім аясында музей педагогы мамандарын даярлау жүйесін құру қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеу гипотезасы бірқатар ұйғарымдармен анықталады:

- дәстүрлі педагогика теориясына сүйене жана бағыттар және ағымдармен диалектикалық тұластықта бола отырып оның дамуы мен толықтырылуын қарастырады;
- музей педагогикасы дәстүрлі педагогика кеністігінде пайда бола отырып, көркемдік білім мен тәрбие принциптеріне сүйене педагогика бағыттары мен өзіндік ғылыми білімнің сипатымен ерекшеленеді;
- музей педагогикасы идеясын көпшілік түрдегі педагогикалық тәжірибеге ендірілуі мұғалім мен окушының жеке тұлғасындағы көркемдік дәрежесінің өзгеру салдарына қатысты болады және музей мен мектеп қарым-қатынасының жана деңгейімен анықталатын тұластай білімдік – тәрбиелік процестерін сапалы жақсартуға ұйғарады;
- музей педагогикасы өмірлік жолды тандауда және қоршаған ортаны танып-білуде жеке тұлғаның үйлесімділігіне себеп болатын өнер атаулының көркемдік кескін түйсігі негізінде жана дүниетанымды қалыптастырады. Сондықтан, бұл жерде музей ролі социомәдени институт ретінде маңызды сипатқа ие болады.

Жалпы зерттеудің теориялық-методологиялық негізі педагогика, психология, философия, музейтану, өнертану, мәдениеттану салаларымен жасалған адамды тұластай тәрбиелеудің іргелі идеяларымен айқындалады, оның ішінде бастылары төмендегідей:

- қазіргі заманғы білім саласы мен оның мәдениетпен қарым-қатынасы;
- мәдениет, өнер және көркемдік шығармашылықтың адам дамуындағы ролін зерттеу саласында;
- балалар мен жасөспірімдер аудиториясының өнерді түсінуде психолого-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу саласында;
- жеке тұлғаның шығармашылық саласында эстетикалық және көркемдік талғамын қалыптастыратын социомәдени институт ретінде музей ролін білу;

Зерттеу әдістері зерттеу жүргізу кезінде теоретикалық, диагностикалық және тәжірибелік-сараптамалық методтар кешенін қолдану қажет, атап айттын болсак:

- пәнаралық деңгейде ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау қажеттілігі;
- музейдің білімдік қызметіндегі даму процесін салыстырмалы түрде тарихи негізде зерттеулер арқылы;
- музейлік педагогикалық процесті жобалау бойынша жұмыстарда модельдеу әдісі;
- музейде, балалар бақшасында, мектеп және ЖОО-дағы инновациялық музейлік педагогиканың тәжірибелі қарым-қатынасы мен ұйымдастыру бойынша жұмыстарындағы сыннак әдістері;
- зерттеушінің музейдің үйімдарындағы білімдік қызметін анықтау үшін тікелей белсене қатысу;

Жалпы зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы музей педагогикасы негізінде жасақталған төмендегідей тұжырымдармен айқындалуы тиіс. Олар, мысалы, білім жүйесі мен музей орталығының педагогикалық қарым-қатынасындағы негізгі моделі болып табылатын болашағы бар көпденгейлі музейлік-педагогикалық арнайы бағдарламасы және балалар бақшасының тәрбиешілерімен орта мектеп мұғалімдері үшін жасалған музей педагогикасы негіздері бойынша оку курстарының бағдарламалары болуы керек. Осылайда білім беру мекемелері мен музей орындарының қарым-қатынас моделі оқу-ағарту қызметтерін дамыта түседі, сонымен бірге жас буын екілдерін көркемдік түрде тәрбиелеу тәжірибесінде белсенді түрде қолданылуы аса қажетті қызмет болып табылады.

Кеңес Одағы кезеңінде ірі музейлерде арнайы құрылымдық білімшелер-ғылыми науқараттау белімі немесе сол кездегі ГДР-ғы музей педагогикасы білімдері музей

педагогтарын біріктіретін ұйымдар болатын [6]. 1960-1980 жылдары Германия мен Ресейде музей педагогикасына тәмендегідей анықтама берілді:

- музей педагогикасы - музей заттары арқылы тәрбие беру ғылыми, ал музей дидактикасы музейаралық миссия (А.Кунте, В.Хильгерс);
- музей педагогикасы – музейлер, олардың жинақтары мен көрермендер арасындағы қарым-қатынас байланысын қамтамасыз ететін делдалдық қызмет (А.Фогт.)
- музей педагогикасы – қоғамның білімдік-тәрбиелік мақсатта зерттелетін музей коммуникациясының спецификалық формасында қолданылуымен ерекшеленетін музейтану мен педагогикалық ғылымдар тоғысындағы шекаралық ғылыми пән (К.Патцвал, И.Аве).

Музей педагогикасының негізін қалаушылардың бірі, неміс педагог-реформаторы, Гамбург картина галереясының директоры болған А.Лихтварк музейдің жаңа концепциясын жасақтауға үлкен үлес қосты. Оның мазмұн-сипаты «Студент және өмір», «Музей диалогы», «Дилетантизм жолдары мен мақсаты» және т.б. еңбектерінен айқын көрінеді. Ол, музейді демократиялық ой-өріс танымының көрінісі деп баға береді [7].

Әлемдік мәдени кеңістікте және елімізде әлеуметтік - экономикалық даму жағдайында жастардың гумандық ой-танымы мен шығармашылық дағдысын өркендешту мақсатында білім мен тәрбие беруде музей қызметін көпшілік болып насиҳаттай беруіміз тиіс.

#### Әдебиет

- 1 Ел мәдениеті. //Республикалық қоғамдық-мәдени газет.-№ 4, 14.06.2006. -9 б.
- 2 Санакұлова Б.Қ. Музей жәдігерлерінің ғылыми сипаттамасы: дәстүр және жаңашылдық //Қазақстан музейлері. -№ 2. - 2003. – 38 б.
- 3 Ванслова Е.Г. Музей и школа. – М.: Просвещение, 1985. –С. 192.
- 4 Банз К. Приобщение к современному искусству: совместные усилия сотрудников музея, учителей и школьников // Muzeum.- 1984.- 144 с.
- 5 Мұсаева С.Т. Ұуражай ісі: терминологиялық сөздік оқу құралы.-Шымкент, 2003. -51 б.
- 6 Музееоведение. Музей исторического профиля: учеб.пособие. – М.: Высп.пикола, 1988. –С.273.
- 7 Сотникова С.И. Музеология: пособие для вузов.-М.:Дрофа,2004.-С.80.

#### Резюме

В статье рассматривается взаимосвязь музеиного центра и системы образования, а также важность воспитательного процесса. Вместе с тем, указаны функции и аспекты музееведения.

#### Summary

In article is considered intercoupling the museum centre and systems of the formation, as well as importance education process.Togther with is specified to functions and aspects in sphere museum conduction.